

29 қаңтар 2009 жылғы № 112 "Бір жолғы талон ставкаларының мөлшерін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2009 жылғы 17 шілдедегі № 147 шешімі. Ақтөбе облысының Ойыл аудандық Әділет басқармасында 2009 жылдың 17 тамызда № 3-11-66 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 наурыздағы № 86 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 27.03.2013 № 86 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 43 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ойыл аудандық мәслихатының "Бір жолғы талон ставкаларының мөлшерін бекіту туралы" 2009 жылғы 29 қаңтардағы № 112 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3-11-56 тіркелген, 2009 жылғы 12 наурыздағы № 10 "Ойыл" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің атауындағы "бекіту" деген сөз "белгілеу" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "№ 1 қосымша" осы шешімге қоса жалғанатын "қосымшаға" сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрайымы:

А.С.Әлжанова

Аудандық мәслихат
хатшысы:

Б.Т.Бисекенов

Аудандық мәслихаттың
17 шілдедегі № 147 шешіміне қосымша

2009 жылғы

Ойыл ауданы бойынша бір жолғы талонмен жұмыс жасайтын жеке тұлғаларға берілетін талондардың құны

№	Кәсіп түрлері	1 күнге талон құны (теңге)
	газет және журналдар сату –	43

1.	тұқымдар, көкөніс өсімділерін сату –	55
	бау-бақша өнімдерін қолдан сату –	76
	машинадан сату –	327
	тірі гүлдер сату –	55
	қосалқы ауыл-шаруашылығы және саяжайлық учаскелері өнімдерін сату -	87
2.	Жеке иелігінде тракторы бар тұлғалардың жер учаскелерін өңдеу бойынша қызметі -	465
3.	Үй жануарлары мен құстарды жаю -	55
4.	Жануарлар мен құстарға арналған дайын жем шөп сату -	435
5.	Сыпырғылар, орман жидектері және балық сату -	109

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК